

Қазақстан Республикасында немесе Қазақстан Республикасының кепілдігімен берілетін мемлекеттік қаражат пен инвестициялық кредиттердің есебінен жүзеге асырылатын объектілерді жобалауды және салуды реттеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 14 желтоқсан N 1726. Күші жойылды - ҚРУ-нің 1997.07.03. N 1056 қаулысымен.

Қазақстан Республикасында объектілерді жобалауға және салуға бағытталған мемлекеттік валюталық қаражат пен инвестиациялық кредиттерді пайдаланудың тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді :

1. Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасына немесе Қазақстан Республикасының кепілдігімен берілетін инвестиациялық несиelerдің мемлекеттік валюталық қаражаты есебінен жүзеге асырылатын инвестиациялық жобаларды орындау жөніндегі бас мердігерді таңдау үшін, шетел фирмалары мен отандық жобалау және құрылыш ұйымдарының қатысуымен мердігерлік конкурстар мен саудаласулар (тендерлер) өткізу міндетті болып саналсын.

2. Егер мердігерлік саудаласулардың (тендерлердің) нәтижесі бойынша шетелдік фирма бас мердігер ретінде айқындалған, жағдайда, контрактілерде Қазақстанда дайындалған материалдар мен құрастырмалардың толық пайдаланылуы, сондай-ақ қазақстандық ұйымдардың көмекші мердігерлікте жобалау мен құрылыштың жалпы ауқымының кемінде 30 процент жұмыстары мен қызметтерінің көлемін орындауды қарастырылсын.

3. Мердігерлік саудаласуларда (тендерлерде) жеңіп шыққан немесе шетелдік фирмаларды көмекші мердігерлік жұмыс атқаратын қазақстандық ұйымдармен есеп айырысу Қазақстан Республикасының қолданып жүрген заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жаңындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитет Қазақстан Республикасының Құрылыш, түрғын үй және аумактарда құрылыш салу министрлігімен, басқа да мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп, бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан

Республикасына немесе Қазақстан Республикасының кепілдігімен берілетін мемлекеттік қаражат пен инвестиациялық кредиттердің

есебінен жүзеге асырылатын обьектілерді салу контрактілерін тіркеудің тәртібі туралы ұсыныс енгізсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК